

## Жәнібек селосы

Табиғаты. Жәнібек ауданының жері толығымен дерлік аккумулятті жазықта орналасқан. Тек орталық бөлігінде салыстырмалы биіктігі 10-15 м-ге жететін, беткі бедері тегіс, көтеріңкі денудациялық жазық қалыптасқан. Жер қойнауынан құрылыс материалдарының қоры зерттелген. Климаты тым континенттік: қысы суық, жазы ыстық әрі құрғақ. Қар жамылғысы жұқа. Қаңтар айының жылдық орташа температурасы - 13 С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 300-350 мм, негізінен көктем мен күз айларында жауады (70%). Батыс желдер басым соғады. Аудан жерімен Ащыөзек, Балөзен, т.б. ағып өтеді. Саркөл, Күйгенкөл, Мұратсай, т.б. бірнеше ұсақ тұзды және кермектеу келген көлдер бар. Жерінің 65%-тен астамы сор және сортаң қоңыр топырақты, солтүстігінде қызылқоңыр топырақты. Су айдындары маңында қамыс, құрақ, басқа жерлерінде қара жусан, аралас бетеге, боз, түймедақты шөптер өседі. Қасқыр, түлкі, қоян, киік (ақбөкен), саршұнақ, аламан, т.б. мекендейді.

Тарихы. Аудан орталығы Жәнібек селосы. Жәнібек селосының негізі 1904 жылы салына бастаған. Рязань-Орал /қазіргі Приволжская/ темір жолының салуына байланысты селоның алғашқы үйлерінің бірі болып, Вишневка хуторында тұратын Ф.А.Коробов деген көпес салдырған екі қатарлы ағаш үй. Сол жылдары жергілікті тұрғындарға темір жол бойынан басқа жерлерге үй салуға рұқсат етілмеген.

Соның нәтижесінде, біртіндеп темір жол бойындағы елді мекен кеңейіп, 1914 жылы халық саны екі мыңға дейін жеткен.

Халық аузындағы аңыз - әңгімелерге қарағанда осы жерде Бөкей ханның Жәнібек деген жылқышысы тұрған. Ол маңайдағы жұртшылыққа әйгілі, жігерлі, тапқыр адам болған. Бірде қалмақ шапқыншылары қаперсіз отырған елді шаппаққа әрекет жасауы Жәнібек жылқышыға белгілі болып, жалғыз өзі жауға қалың қол болып көріне білген. Сөйтіп, ел шапқыншылықтан аман қалған. Оған риза болған жұртшылық осы жерден 17-18 шақырым жердегі обаны «Жәнібек» есімімен атаған. Ал темір жол салынғаннан кейін станция осы обаның атымен Жәнібек болып аталып, кейін ауданда осы атауға ие болған. Екінші бір нұсқада Жәнібек селосының маңындағы оба 1342-1357 жылдары Алтын Орданы билеген Жәнібек ханның моласы деп түсіндіріледі.

1922 жылғы 31 майда Бөкей губерниясы Орда уезінің құрамында Жәнібек болысы құрылып, ол Қазақ автономиялық Советтік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің сол жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен бекітілген. 1925 жылы Бөкей губерниясы төрағасын Жәнібек болысы Орал губерниясының құрамына енеді.

1928 жылы 17 қаңтарда губерния тарап, құрамында 15 ауданы бар Орал округі құрылған. Ол Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің 3 қыркүйектегі шешімімен бекітілген.

Әкімшілік басқару жүйесі жағынан аудан 8 ауылдық Кеңеске бөлінген болса, оның 5-і қазақ ауылдары болды. Әрбір Кеңестің орташа жер көлемі 729 шаршы километр, тұрғындарының орта саны 3332 адам болып есептеледі. 1917 жылы 29110 адам тұрған болса, олардың саны 1928 жылы 31484 адамға жеткен болатын.

Жәнібек – ауданның орталығы, ауыл, теміржол стансасы. Облыс орталығы – Орал қаласынан батысқа қарай 440 км жерде, ақ жусан аралас шөл бидайық, көкпек, бұйырғын өскен, сортаң, сор келген қоңыр, бозғылт-қоңыр топырақты шөлейт белдемде орналасқан. Тұрғыны 7,6 мың адам (1999). Іргесі 1904 жылы қаланған. Жәнібекте май, нан зауыттары, элеватор, жанармай, ауылшаруашылық техника бірлестігі, тұрмыс қажетін өтеу комбинаты, құрылыс, көлік, т.б. кәсіпорындары, 11 шаруа қожалығы мен серіктестіктер, өндірістік кооперативтер ұйымдастырылған.

Ауылда Т.Жароков атындағы орта мектеп, А.Оразбаева атындағы орталау мектеп, жалпы білім беретін мектеп-интернат, мәдениет үйі, аудандық аурухана, отбасылық – дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар.

Жәнібекте Азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға обелиск-ескерткіш, мемлекет және қоғам қайраткері Алма Оразбаеваға мемориалдық тақта, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметоваға, әскери-саяси басшы Х.Халиуллинге және қазақ ақыны Тайыр Жароков пен ғұлама ғалым, философ, ақын Ғұмар Қарашқа ескерткіштер орнатылған.

Жәнібек ауданы – облыстың батысында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлік. 1928 жылы құрылған. Орталығы – Жәнібек ауданы. Жерінің аум. 8,2

мың км 2. тұрғыны 19,5 мың адам (1999). Ауданда 26 елді мекен 9 аудандық әкімшілік округтерге біріктірілген.

Аудан халқының басым көпшілігі қазақтар (95,4%). Халық аумақ бойынша біркелкі орналаспаған. Орташа тығыздығы 1 км<sup>2</sup>-ге 2,3 адамнан келеді. Әлеуметтік инфрақұрылымда жалпы білім беретін 25 мектеп, өлкетану музейі, демалыс саябағы, М.Мәметова атындағы спорт кешені, 17 кітапхана жұмыс істейді. Емдеу мекемелерінен ауданда аурухана, 2 дәрігерлік-амбулатория, 1 кеңес беретін диагностикалық орталық, 17 фельд-акушерлік пункт бар. Аудан жерімен Саратов - Астрахан теміржолы, Жәнібек – Казталовка, Жәнібек – Палласовка автомобиль жолдары өтеді.

Аудан облыстың батыс бөлігінде орналасқан. Ауданның батысында және солтүстік батысында Сталинград (қазір Волгоград) губерниясымен, солтүстікте және солтүстік-шығыста Талов ауылымен, оңтүстік шекарасы Орда ауданымен шектескен. Ауданның жер көлемі 583120 гектар немесе 5831 шаршы километр болған, немесе облыс көлемінің 3,8 процентін құраған. Әкімшілік жөнінде аудан 8 ауылдық селолық кеңестерге бөлінген. Олардың 5-і қазақ. 3-і халқы аралас ауылдар. Бір кеңестің жер көлемі орта есеппен – 729 шаршы километр, халық саны орта есеппен – 3332 адам. Ауданда 616 елді мекен болған. Олардың 615-і қыстаулар. Шағын ауылдар. Бір ірі мекен – Жәнібек.

Аудан халқының саны 31484 адам (1917 жылы – 29110 адам), немесе 108,2 процентке өскен. Халықтың бір шаршы километрге тығыздығы – 5,3 (1917 жылы – 4,9).

Аудан халқының ұлттық құрамы: қазақтар – 70,1% (23009), орыстар – 21,33%, украиндар – 2,17%, татарлар – 0,84%, қара қалпақтар – 0,91%, басқа ұлттар – 4,55%.

Орыстардың басым көпшілігі Жәнібек поселкесінде орналасты. Ауданда 7 ауыл болды: Тәни, Ақоба, Құнанішкен, Күйгенкөл, Қамысты, Мұратсай, Тау.

Әлеуметтік-мәдени салада 20 орындық бір аурухана және бір фельдшерлік пункт жұмыс істеді. Немесе бір учаскеге 13434 адамнан, ауруханадағы бір орынға 1345 адамнан келген.

Ауданда бірінші дәрежедегі 9 мектеп жұмыс жасаған: 7 қазақ, 1 орыс, 1 татар мектебі. Бірінші дәрежедегі бір мектеп 388 шаршы километр территорияны

қамтыды (бұл көрсеткіш бүкіл ел бойынша – 193, Қазақстанда – 731 шаршы километр). 2099 адамға 1 мектептен келген (елімізде – 1332, Қазақстанда 1592 адам). Мәдени мекемелерден оқу үйі, халық үйі, кітапхана болды.